	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ «Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Е 017-4.04-2017 26.03.2021 ж.
	<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі	1-ден 29 - бет

**ҚР МСМ «Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
 ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РММ ПРОФЕССОРЛЫҚ-  
 ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДАРҒА  
 КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУЫ ТУРАЛЫ  
 ЕРЕЖЕСІ**

Алматы - 2021 ж

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігінің  
«Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық  
өнер академиясы» РММ Ғылыми  
кеңесінің 2021 жылғы «26» наурыздағы  
№8-хаттама шешімімен бекітілді

## **ҚР МСМ «Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РММ ПРОФЕССОРЛЫҚ- ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДАРҒА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Осы ҚР МСМ "Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарға конкурстық орналасуы туралы ережесі (бұдан әрі мәтін бойынша - Ереже) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚРЗ "Білім туралы" заңына (бұдан әрі - ҚР "Білім туралы" заңы), Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленген және ҚР МСМ "Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ (бұдан әрі мәтін бойынша - Академия) профессор-оқытушы құрамының лауазымдарға конкурстық орналасуы шартын және тәртібін анықтайды.
2. Ереже Академияның штаттық кестесінде қарастырылған (бұдан әрі - штаттағы лауазымдар) профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына конкурстық негізінде орналасуға таратылады. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына кафедра меңгерушісі, профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), аға оқытушы, оқытушы жатады. Ақы төленетін штаттық лауазымды атқаратын оқытушы штаттық оқытушы болып табылады, ол үшін осы білім беру мекемесі негізгі жұмыс орны болып табылады және еңбек шарты негізінде академияның міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді (тиісті оқу жүктемесін) жүзеге асырады.
3. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарға конкурстық орналасуына (бұдан әрі - Конкурс) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, ҚР МСМ "Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ Ғылыми кеңесінің 01.03.2021 жылғы №7-хаттамасының шешімімен бекітілген ҚР МСМ "Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ қызметкерлер лауазымдарының



біліктілік сипаттамаларына (бұдан әрі мәтін бойынша - Біліктілік сипаттамалары) сәйкес келетін адамдар жіберіледі.

4. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңының 51-бабы 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарындағы жұмысқа:

1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған, психикасының, мінез-құлқының бұзылулары (аурулары), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты бұзылулары бар адамдар;

4) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ адамдар;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде жіберілмейді.

5. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына үміткерлерді конкурстық іріктеу Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес, осы Ереженің ажырамас бөлігі саналатын №1-қосымша бойынша (бұдан әрі мәтін бойынша - №1 - қосымша) жүргізіледі.

6. Қауымдастырылған профессорлар (доцент), профессорлар лауазымдарына орналасу конкурсына тиісті ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі жоқ, бірақ осы мамандық бойынша практикалық жұмыс тәжірибесіне және танылған жетістіктерге ие, сондай-ақ Академияның профессорлық-оқытушылар құрамына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандар жіберіледі.

7. Академияның профессорлық-оқытушылар құрамының штаттық лауазымдарына конкурстық негізде орналастыру 3 жыл мерзімге жасалынады. Үшжылдық мерзімі біткен соң, Академияның профессорлық-оқытушылар құрамының штаттық лауазымдары осы Ережеге сәйкес тағайындалады. Ректор еңбек шарты бойынша бос немесе сайланудың белгілі бір мерзімі аяқталуы себепті босаған лауазымдарға екі реттен аспайтын 1 жылдан кем емес белгілі бір мерзімге бекітілген еңбек шарты мерзімін ұзарту арқылы және кейіннен конкурстық негізде лауазымға тағайындалатындай етіп, 1 жылдан кем емес белгілі бір мерзімге тұлғаларды қызметке қабылдауға құқылы.

8. Профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымы пайда болған жағдайда оқу жылы басталар алдында (каникул және/немесе демалыс кезеңінде) Академияның профессор-оқытушылар құрамының штаттық лауазымдарына орналасу оңайлатылған нысан бойынша, яғни ашық сабақ өткізбей, бірақ жұмысқа қабылданғаннан кейін бір оқу жылы ішінде ашық сабақ өткізу туралы шарттарды міндетті түрде сақтай отырып жүргізіледі. Бұрын ғылыми-педагогикалық қызметпен айналыспаған профессорлық-оқытушылық құрам үшін педагогикалық қызметке алғаш рет кірісетін немесе



Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына орналасу үшін практик-мамандарды тартқан кезде осы санаттағы қызметкерлердің ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстарынсыз рұқсат етіледі, дегенмен "Жоғары мектеп педагогикасы" пәні бойынша кемінде 72 (жетпіс екі) сағат көлемінде біліктілікті арттыру курстарынан өтуі және жұмысқа қабылданғаннан кейін бір оқу жылы ішінде ашық сабақ өткізу міндетті шарт болып табылады.

9. Оқу жылы ішінде бос лауазым пайда болған жағдайда Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының штаттық лауазымдарына орналасу, ағымдағы оқу жылында конкурстық рәсімдерден өтпей, кейіннен конкурстық негізде лауазымға ауыстырыла отырып жүзеге асырылады.

10. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарын қоса атқаратын әкімшілік қызметкерлер, зейнеткерлік жастағы адамдар, Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымына сағат бойынша ақы төлеу шартымен және қоса атқаратын және уақытша болмаған қызметкерді алмастыру үшін қабылданатын адамдар, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс орны сақталатын адамдар – осы қызметкер жұмысқа шыққанға дейін еңбек шарты немесе лауазымдарды қоса атқару туралы келісім бойынша ағымдағы оқу жылына конкурстық рәсімдерден өтпей қабылданады. Осы санаттағы қызметкерлердің ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстарының болмауына жол беріледі.

## **2. КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ**

11. Кафедралар жыл сайын 28 ақпанға дейін және қосымша 30 маусымға дейін қызметкерлерді құжаттау және тіркеу қызметіне профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдары бойынша бос орындардың болуы не болмауы туралы қызметтік хат береді. Кафедра меңгерушілерінің қызметтік хат негізінде қызметкерлерді құжаттау және тіркеу қызметі конкурс өткізу туралы хабарландыру жасайды және оны қарастыруға әрі қол қою үшін Академия ректорына өткізеді. Қызметкерлерді құжаттау және тіркеу қызметі құжаттарды қабылдау аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында немесе Академияның интернет-ресурстарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырады.

12. Конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынандай мәліметтер камтылуы тиіс:

- 1) профессор-оқытушы құрамының бос лауазымының атауы;
- 2) Академияның орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны көрсетілген толық атауы;
- 3) құжаттарды қабылдау аяқталатын күні мен уақыты.
- 4) №1-қосымшаға сәйкес Академияның профессор-оқытушы құрамының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес айқындалатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар.



13. Бос лауазымдарға арналған конкурсқа өтініштер хабарландыру жарияланған күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей беріледі.

14. Академияның конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты лауазымды адамының құжаттарды қабылдаудан бас тартуы 18 және 19-тармақтарда көзделген тізбеге сәйкес құжаттар пакеті толық ұсынылмаған жағдайда, сондай-ақ өтініш беру мерзімдері бұзылған жағдайда орын алуы мүмкін.

### 3. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

15. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына тағайындауға арналған конкурстық комиссияның (бұдан әрі - конкурстық комиссия) саны мен дербес құрамын және оның өкілеттік мерзімін Академияның ректоры анықтайды.

16. Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

- 1) конкурсқа қатысу үшін барлығына бірдей теңдік мүмкіндігін беру;
- 2) конкурсқа қатысушылардың арасында әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- 3) әділдіктің сақталуына және конкурстың жариялы түрде өткізілуіне бақылауды жүзеге асыру;
- 4) конкурстық комиссия отырысының кестесін анықтау;
- 5) конкурстық құжаттамаларға талдау жүргізу;
- 6) конкурстың қорытындысы бойынша шешім шығару болып табылады.

17. Конкурстық комиссия мына құрамда құрылады:

- 1) конкурстық комиссияның төрағасы – Академияның проректоры;
- 2) конкурстық комиссиясы төрағасының орынбасары – Академияның проректоры немесе Академияның құрылымдық бөлімшесінің басшысы;
- 3) конкурстық комиссияның хатшысы – Академияның штаттық қызметкері (ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы бар);
- 4) құрамында кемінде үш адам бар конкурстық комиссия мүшелері (Академияның оқытушылары арасынан, қызметкерлерді құжаттау және тіркеу қызметінің басшысы, заң бөлімінің басшысы, кәсіподақ комитетінің төрағасы).

Конкурстық комиссия мүшесінің саны тақ болуы керек.

Хатшы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

18. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысушылардың құжаттарын тиісті кафедрада қарастырылғаннан кейін қабылдайды, конкурсқа қатысушыларға және конкурстық комиссия мүшелеріне отырысты өткізу уақытын хабарлайды, дауыс беру бюллетенін, бағалау парағын құрастырады, конкурстық комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді және олардың конкурстық комиссия мүшелеріне таратылуын қамтамасыз етеді, конкурсқа қатысушылардың талабы бойынша конкурстық комиссия отырысының хаттамасынан көшірме береді, конкурстық материалдардың сақталуын қамтамасыз етеді, конкурсты ұйымдастыру және өткізуге байланысты басқа да іс-әрекеттерді орындайды.



#### **4. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ**

19. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген адамдар Академия ректорының атына өтініш жазады. Өтінішке қоса мына құжаттарды тапсырады:

1) конкурсқа қатысушы өзі толтырған, тұрғылықты мекенжайын, байланыс телефондарын (үй, жұмыс, ұялы телефондары) және электронды мекенжайын көрсеткен кадрларды есепке алу бойынша жеке парағы (фотосуретімен).

Жеке парақтағы еңбек қызметі жайындағы ақпарат конкурсқа қатысушының еңбек өтілін дәлелдейтін құжатқа сәйкес толтырылады. Конкурсқа қатысушының жеке парағында көрсетілген еңбек қызметі конкурсқа қатысушының еңбек өтілін дәлелдейтін құжатпен сәйкес келмейтін болса, онда құжатта келтірілген ақпараттар ескерілетін болады;

2) өмірбаян;

3) жоғары білімі мен академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың, ғылыми атағы туралы құжаттардың көшірмелері және салыстыру үшін түпнұсқалары;

4) қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмесі (болған жағдайда) және салыстыру үшін түпнұсқалары;

5) конкурсқа қатысушының соңғы жасаған жұмыс орнының уәкілетті тұлғасының қолымен және ұйымның мөрімен расталған, осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын №2 - қосымшаға (бұдан әрі мәтін бойынша - №2 - қосымша) сәйкес толтырылған ғылыми, оқу-әдістемелік және шығармашылық жұмыстарының тізімі;

6) мекеме басшысы қол қойған мінездеме;

7) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде бір жылдан ерте емес жасалған флюорография суреті бар жеке медициналық кітапша;

8) тіркелген жері бойынша (Алматы қаласы немесе Алматы облысының жақын жатқан аудандары) ҚІБ мөртабаны бар әскери билеттің (тіркеу куәлігінің) көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;

9) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;

10) еңбек кітапшасы;

11) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті беретін адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы есептер бойынша мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;

12) конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтыны туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы;

13) конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтыны туралы психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

14) барлық оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік құжаттама (хабарландыруда көрсетілген пәндерге сәйкес ПОӘК және силлабус) және



алдағы оқу жылына арналған білім беру бағдарламасы бойынша жобаны таныстыру (электрондық түрде).

20. Академияда жұмыс істейтін тұлғалар конкурсқа қатысу үшін академия ректорының атына өтініш береді. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) кафедра меңгерушісі қол қойған мінездеме;
- 2) Осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын №2 қосымшаға сәйкес жасалған, кафедра меңгерушісінің қолымен расталған ғылыми, оқу-әдістемелік және шығармашылық жұмыстардың тізімі (бұдан әрі мәтін бойынша – № 2 қосымша);
- 3) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті беретін адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы есептер бойынша мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;
- 4) конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтындығы туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы;
- 5) конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтындығы туралы психоневрологиялық ұйымның анықтамасы;
- 6) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде бір жылдан ерте емес жасалған флюорография суреті;
- 7) барлық оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік құжаттама (оқытушының алдағы оқу жылына арналған жеке жоспары бойынша сағаттарды орналастыруға сәйкес ПОӘК және силлабус) және алдағы оқу жылына арналған білім беру бағдарламасы бойынша жобаны таныстыру (электрондық түрде).

21. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар), сондай-ақ жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы.

22. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау кезінде мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін келесі рәсімдер жүзеге асырылады:

- 1) конкурсқа қатысушының құжаттар пакетін қызметкерлерді құжаттау және тіркеу қызметінің қызметкері 15 минут ішінде қабылдайды және қалыптастырады және Академия ректорының бұрыштамасын қою үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде береді;
- 2) Құжаттар пакетін қабылдағаннан кейін қызметкерлерді құжаттау және тіркеу қызметі Құжаттамалық қамтамасыз ету бөліміне кафедраға жолдама береді;
- 3) Академия ректоры бұрыштама қойғаннан кейін Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі құжаттар топтамасын тіркейді және конкурсқа қатысушыға 1 (бір) жұмыс күні ішінде кафедраға жолдама береді, содан кейін құжаттар топтамасын 2 (екі) жұмыс күні ішінде тиісті кафедраға қарауға береді.



## **5. КАФЕДРА ОТЫРЫСЫНДА ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАРАСТЫРУ ЖӘНЕ АШЫҚ САБАҚҚА БАҒА БЕРУ**

23. Профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы лауазымына орналасу конкурсына қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттары алдын-ала қорытынды жасау үшін ректордың қолымен кафедраға жолданады.
24. Конкурстық материалдар алдын-ала тиісті кафедраның отырысында қаралады, ол ұсынымдық сипатта қорытынды шығарады.
25. Кафедра қатысушылар ұсынған құжаттардың Ереженің 18 және 19-тармақтарының талаптарына, сондай-ақ тиісті лауазымға белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды (№1 қосымша).
26. Конкурсқа қатысатын және ғылыми-педагогикалық өтілі бар тұлғалар кафедра отырысында конкурс алдындағы соңғы 3 (үш) жылдағы ғылыми-педагогикалық қызметі туралы есеп береді. Кафедра отырысында конкурсқа қатысушы (Академия қызметкері) ұсынған ғылыми-педагогикалық және шығармашылық қызмет туралы есеп (№2 қосымша) қаралады және Конкурсқа қатысушының алдыңғы жұмысына баға беріледі. Конкурсқа қатысушының ағымдағы және алдағы оқу жылына арналған оқу-әдістемелік құжаттамасының (оқытушының жеке жоспары бойынша сағаттардың орналасуына сәйкес ПОӘК және силлабус) барлық оқытылатын пәндер бойынша болуына және алдағы оқу жылына арналған білім беру бағдарламасы бойынша жобаның тұсаукесеріне ерекше назар аударылады.
27. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының штаттық лауазымдарына орналасу конкурсына қатысу үшін Академия қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалар құжаттар тапсырған жағдайда, кафедра үміткерлерге ашық сабақ өткізуді (сынақ дәрістерін немесе оқу сабақтарының басқа да түрлерін оқуды), конкурсқа қатысушы ұсынған ғылыми-педагогикалық және шығармашылық қызмет туралы есепті қарауды ұсына алады (№2 қосымша), барлық оқытылатын пәндер бойынша ұсынылған оқу-әдістемелік құжаттамамен (ПОӘК және силлабус хабарландыруда көрсетілген пәндерге сәйкес) және алдағы оқу жылына арналған білім беру бағдарламасы бойынша жобаның презентациясымен танысу, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнының сипаттамасымен танысу және қорытындысы бойынша шешім қабылдау.
28. Конкурсқа қатысатын тұлғалар (Академия қызметкерлері) конкурсқа құжаттарды қабылдау басталғанға дейін ағымдағы оқу жылы ішінде ашық сабақ өткізуге (сынақ дәрістерін немесе оқу сабақтарының басқа да түрлерін оқуға) міндетті.
29. ПОҚ-тың ашық сабағын бағалау осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын № 3 қосымшада (бұдан әрі мәтін бойынша – № 3 қосымша) көрсетілген критерийлерге, сондай-ақ ашық сабақты өткізу сапасы туралы қорытынды нысанына сәйкес жүргізіледі.
30. Кафедра қорытындысы, егер оның отырысына кафедраның штаттық оқытушыларының кемінде 2/3-і қатысса, жарамды деп есептеледі. Кафедра қорытындысы конкурсқа қатысушының қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы ақпаратты (№1 қосымшада



белгіленген критерийлерге сәйкес), конкурсқа қатысушының ағылшын тілінде сабақ бере алуын (қажет болған жағдайда) қоса алғанда, ашық сабақ нәтижелері бойынша алынған бағалауды қамтиды.

31. Кафедра қорытындысы мен кафедра отырысының хаттамасына кафедра отырысын өткізген кафедра меңгерушісі, сондай-ақ хаттаманы жүргізетін хатшы қол қояды.

32. Қорытындыға қол қоятын тұлғалар қорытындының дұрыс ресімделуіне және қорытындыда конкурсқа қатысушы туралы мәліметтердің өзі ұсынған құжаттарға сәйкес дұрыс көрсетілуіне дербес жауапты болады.

33. Конкурсқа қатысушының материалдарында үміткердің біліктілік талаптарына сәйкестігін немесе сәйкес еместігін растайтын қандай да бір мәліметтер немесе құжаттар болмаған жағдайда қорытындыда тиісті белгілер қойылады.

34. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына кандидаттарды алдын ала іріктеу нәтижелері бойынша қорытынды жасалады, онда кандидаттың белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестік дәрежесі, ашық сабақты бағалау (сынақ дәрістері немесе оқу сабақтарының басқа да түрлері), ағылшын тілін меңгеру деңгейі және т.б. көрсетіледі, кандидат өзі мәлімдеген лауазымы бойынша конкурс бойынша өту үшін ұсыныла ма.

35. Кафедралар отырыстарының хаттамалары конкурсқа қатысушылар бойынша оларға қоса берілген қорытындылармен, сондай-ақ қарауға берілген құжаттармен бірге конкурстық комиссияның қарауына ұсынылады.

36. Конкурсқа қатысушылар кафедра отырысына қатысуға және олардың қалауы бойынша оның қорытындысымен танысуға құқылы.

## **6. КАФЕДРА МЕНГЕРУШІЛЕРІ ЛАУАЗЫМЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІ АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУ**

37. Кафедра меңгерушісі лауазымына орналасу бойынша конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттары Академия ректорының қолымен алдын ала қорытынды жасау үшін кафедраға және тиісті факультетке жіберіледі. Мұндай жағдайда кафедра отырысына проректор төрағалық етеді және тиісті қорытындыға қол қояды.

38. Кафедра отырысында үміткермен оның кәсіби қызметінің әртүрлі аспектілеріне қатысты әңгімелесу жүргізіледі. Әңгімелесудің барысында үміткердің оқу үдерісін ұйымдастыру мәселелерін (оның ішінде оқытудың кредиттік технологиясы бойынша), Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартын және басқа да білім беру саласына қатысты ҚР нормативтік құқықтық актілерін қаншалықты деңгейде білетіндігі анықталады.

39. Әңгімелесу барысында үміткер соңғы 3 жылдағы жарияланымдары туралы ақпараттарды, біліктілікті көтеру жөніндегі мәліметтерді, ағылшын тілін қандай деңгейде білетіндігі жөнінде ақпаратты ұсынады.

40. Үміткермен әңгімелесу барысында (егер ол бұрын оқу бөлімшесінің басшысы - кафедраның меңгерушісі болған жағдайда) комиссия үміткердің басшылық еткен мерзімінде бөлімше жұмысының қаншалықты нәтижелі болғандығын, атап айтқанда, бөлімше жұмысының нақтылығы мен



шапшаңдығы және оның жоғары оқу орнының басқа да бөлімшелерімен өзара қарым-қатынасы, бөлімшеде дұрыс моральдық-психологиялық ахуалды қамтамасыз етуі, ПОӘК сапасын қамтамасыз ету және сабақ жүргізуі, білім алушылардың тәжірибесін ұйымдастыруы, түлектерді шығарушы кафедраның бітіруші түлектермен байланысы деңгейінің қаншалықты екендігін анықтайды.

41. Үміткер 10-15 минуттық презентация жасайды. Презентацияда үміткер оқу бөлімшесінің даму стратегиясының парқын айқын көре алуы, бөлімше алдында тұрған мәселелер және оларды шешу механизмін баяндау секілді мәселелерді нақты көрсетуі керек. Сондай-ақ презентацияда үміткердің кәсіби қызметінің қорытындысы және кәсіби жетістіктері жайындағы шағын есебі, оқу бөлімше миссиясының, оның стратегиялық бағыттары мен оның даму келешегінің парқы, енгізуді жоспарлаған жаңалықтары, оқу бөлімшесіне профессорлық-оқытушылық құрамды іріктеу мәселелері, ғылыми-зерттеу жұмысын дамыту, жұмысқа орналастыру, тәжірибеден өтуді ұйымдастыру және т.б. мәселелер бойынша шеткі ұйымдармен өзара қарым-қатынастары болуы тиіс.

42. Презентация 5 балдық бағалау шкаласы бойынша осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын № 4 -қосымшада көрсетілген өлшемдерге сәйкес бағаланады.

43. Үміткердің презентациясына қойылатын қорытынды баға оған қойылған барлық бағалардың орта арифметикалық маңызы ретінде анықталады және осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын № 4 -қосымшада (бұдан әрі мәтін бойынша - № 4 -қосымша) көрсетілген өлшемдерге сәйкес қойылады. Үміткерлердің презентацияларына баға беру және әрбір үміткерге берілетін ұсыныстар кафедра отырысына қатысып отырған штаттағы оқытушылардың ашық дауыс беруі арқылы қабылдануы мүмкін.

44. Кафедра меңгерушісі лауазымына үміткерлерді алдын ала іріктеу нәтижелері бойынша қорытынды жасалады. Қорытындыда үміткердің белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі, презентация бағасы, ағылшын тілін меңгеру деңгейі және үміткердің өзі өтінім берген лауазымға ұсынылатындығы немесе ұсынылмайтындығы көрсетіледі.

45. Осы тарауда көзделмеген барлық өзге жағдайларда кафедра меңгерушілері лауазымына кандидаттарды алдын ала іріктеу жөніндегі кафедра отырысы осы Қағидалардың 5-тарауда көзделген тәртіппен өткізіледі.

## **7. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

46. Байқау келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының бос лауазымдарына кандидаттардың өтінімдерін қарау;
- 2) кандидаттармен әңгімелесу өткізу;



3) конкурстың қорытындысын шығару.

47. Академия:

1) Конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды;;

2) конкурсты өткізу күні мен орнын айқындайды;;

3) конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тіркеуді және сақтауды жүргізеді;

4) комиссия отырысын ұйымдастырады.

48. Хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін қажетті құжаттарды берген тұлғалар конкурсқа қатысушылар болып табылады.

49. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына орналасуға Конкурс үміткерлердің қызмет қорытындыларын талдамалық жинақтау негізінде әңгімелесу, шығармашылық есептер, авторлық әзірлемелерді қорғау, практикалық тапсырмалар нысанында өткізіледі, бұл ретте кәсібилік деңгейін айқындау үшін әрбір лауазым бойынша біліктілік сипаттамаларына сәйкес білімі тексеріледі.

50. Әңгімелесудің мақсаты бос лауазымына конкурс жарияланған Академияның біліктілік сипаттамалары мен білім беру процесінің ерекшеліктерін ескере отырып, кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

51. Кандидатпен әңгімелесу өткізілгеннен кейін Конкурстық комиссия Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының бос лауазымдарына орналасуға конкурстық іріктеу бойынша ашық немесе жасырын дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

Әрбір кандидатура бойынша Конкурстық комиссия отырысында төраға шығарылған ұсынымдардың қысқаша негіздемесімен және мазмұндауымен кафедра қорытындысын, сондай-ақ әңгімелесу және кандидаттың презентациясын бағалау нәтижелерін жариялайды.

Қажет болған жағдайда конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылармен қосымша әңгімелесу өткізу және таныстырылымдарды тыңдау туралы шешім қабылдай алады.

52. Ашық дауыс беру кезінде конкурстық комиссияның шешімі осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын № 6 қосымшаға сәйкес (бұдан әрі мәтін бойынша – № 6 қосымша) бағалау парақтарының нәтижелері негізінде конкурстық комиссия мүшелері жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

Талқылау барысы мен конкурс комиссиясының шешімі конкурс комиссиясының барлық мүшелері мен хатшысы қол қоятын хаттама түрінде ресімделеді.

Ерекше пікірі бар конкурстық комиссияның мүшелері оны білдірген жағдайда оны жазбаша нысанда баяндайды, ол хаттамаға қоса тіркеледі.



53. Жасырын дауыс беру кезінде конкурстық комиссия осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын № 5 қосымшаға сәйкес (бұдан әрі мәтін бойынша – № 5 қосымша) лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге кандидатураны енгізу туралы шешім қабылдайды.

54. Кандидатурамен келісу немесе келіспеу әрбір кандидаттың тегіне қарсы "келісемін" немесе "келіспеймін" деген сөздермен білдіріледі. Конкурстық іріктеуге бір лауазымға екі және одан да көп үміткер қатысқан жағдайда бірде-бір Тегі сызылмаған Бюллетень жарамсыз деп танылады.

55. Дауыстарды санау үшін конкурстық комиссия жасырын дауыс беру басталар алдында Конкурстық комиссия арасынан құрамында кемінде үш комиссия мүшесі бар есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әрбір кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жария етеді. Есеп комиссиясының хаттамасы конкурс материалдарына қоса тіркеледі.

56. Егер дауыс беруге оның мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысса, конкурс өткізу кезіндегі конкурстық комиссияның шешімі жарамды болып табылады. Комиссия хатшылары дауыс беруге қатыспайды.

57. Кандидат, егер оған Комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда, оң қорытынды алады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

58. Егер бір бос лауазымға 2-ден астам кандидат үміткер болса және кандидаттардың бірде-бірі комиссия мүшелерінің қажетті дауыс санын ала алмаса, комиссия ең көп дауыс санын алған кандидаттар бойынша қайта дауыс беруді жүргізеді.

Конкурстық комиссияның жасырын дауыс беру арқылы қабылдаған шешімі, егер ол осы Ереженің талаптарын сақтай отырып қабылданса, түпкілікті болып табылады.

